



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айға



ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ (бұдан - ҚМГ немесе Компания) 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру нәтижесінде құрылды. Біріктіру нәтижесінде бұл компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестерін қоса алғанда, барлық активтер мен міндеттемелер ҚМГ берілді. 2004 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚМГ акционерлік қоғам ретінде қайта тіркелді.

ҚМГ жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Қазына) болып табылады. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. Төменде 2013 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының негізгі активтері келтірілді:

Атауы	Иелік ету үлесі	Негізгі қызметі	Шоғырландыру әдісі
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (ҚМГ БӨ)	63,2%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Толық шоғырландыру
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚМГ)	50%	Шикі мұнай өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«ПетроКазахстан Инк.» (ПКИ)	33%	Шикі мұнай өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«ҚМГ Қарашығанақ» (ҚМГ Қарашығанақ) ЖШС	100%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Толық шоғырландыру
«KMG Kashagan B.V.» (Кашаган БВ)	100%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Толық шоғырландыру
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)	50%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ)	51%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ)	50%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«Теңізшевройл» БК ЖШС (ТШО)	20%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«Каспий мұнай-газ компаниясы» ЖШҚ (КМГК)	50%	Мұнай және газ барлау мен өндіру	Қатысу үлесі әдісі
«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО)	90%	Мұнай тасымалдау	Толық шоғырландыру
«Қазақстан-Қытай құбырарнасы» ЖШС (ҚҚҚ)	50%	Газ тасымалдау және маркетингі	Қатысу үлесі әдісі
«МұнайТас» АҚ (МұнайТас)	51%	Газ тасымалдау және маркетингі	Қатысу үлесі әдісі
«Қазтеңізтасымалдауфлоты» ЖШС (ҚТТФ)	100%	Мұнай тасымалдау	Толық шоғырландыру
«ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ)	100%	Газ тасымалдау және маркетингі	Толық шоғырландыру
«Азия газ құбыры» ЖШС (АГҚ)	50%	Газ тасымалдау және маркетингі	Қатысу үлесі әдісі
Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (БШГ)	50%	Газ тасымалдау және маркетингі	Қатысу үлесі әдісі
«ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ)	50%	Газ тасымалдау және маркетингі	Қатысу үлесі әдісі
«ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ (ҚМГ-ӨМ)	100%	Мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және маркетингі	Толық шоғырландыру
The Rompetrol Group N.V. (TRG)	100%	Мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және маркетингі	Толық шоғырландыру
«Ақтаумұнайсервис» ЖШС (АМС)	100%	Сервистік қызметтер	Толық шоғырландыру
«Евро-Азия Эйр» АҚ (ЕАЭ)	100%	Сервистік қызметтер	Толық шоғырландыру
«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ (ҚМГИ)	100%	Сервистік қызметтер	Толық шоғырландыру
«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (ҚБТУ)	100%	Сервистік қызметтер	Толық шоғырландыру
«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС (ҚМГ-Сервис)	100%	Бизнес қолдау	Толық шоғырландыру
«Semser Security» ЖШС (Semser Security)	100%	Бизнес қолдау	Толық шоғырландыру


БИЗНЕС ЖҮРГІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Есепті кезеңге Компанияның қаржылық ахуалына әсер еткен негізгі макроэкономикалық факторларға мұнай бағасының динамикасы, инфляция қарқыны, валюта бағамдарының өзгерісі, атап айтқанда, теңгені АҚШ долларына айырбастау бағамы жатады.

	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
Brent (DTD) орташа бағасы, АҚШ доллары	108,93	107,50	1%
Орташа айырбастау бағамы, теңге 1 АҚШ долларына	176,23	150,90	17%
Инфляция деңгейі, %	4,8%	2,7%	78%
Есепті күнге айырбастау бағамы, теңге 1 АҚШ долларына	183,51	151,65	21%

2014 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) теңгені АҚШ долларына (KZT/USD) қатысты айырбастау бағамын бұрынғы деңгейде ұстаудан бас тарту, валюталық интервенциялардың көлемін төмендету және KZT/USD айырбастау бағамын қалыптастыру процесіне араласуды қысқарту туралы шешім қабылдады. Жалпы алғанда, қаржы рыногы мен экономиканы тұрақсыздандыруға жол бермеу үшін ҚҰБ бір АҚШ долларына 185 теңге плюс/минус теңге жаңа деңгейден KZT/USD құбылу дәлізін белгіледі және айырбастау бағамын кенет өсіруді және KZT/USD айырбастау бағамының қысқа мерзімді өзгерісін реттеу жөніндегі саясатты жалғастырады.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ



*2014 жылдың 1 жартыжылдығындағы ҚР мұнай мен газконденсатын өндіру және мұнай өңдеу көлемдері туралы дереккөздер - www.stat.kz

	Өлшем бірлігі	2014 ж. 1 жарты-жылдығы	2013 ж. 1 жарты-жылдығы	Өзгеріс
Мұнай және газконденсатын өндіру көлемі	мың тонна	11 080	11 186	-1%
Мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдау көлемі	мың тонна	8 226	7 582	8%
Мұнай өңдеу көлемі	мың тонна	31 045	32 682	-5%
Газ тасымалдау көлемі	млн. м3	54 170	54 774	-1%

Компанияның 2014 жылдың 1 жартыжылдығына және 2013 жылдың 1 жартыжылдығына өндірістік көрсеткіштері бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы үлесті есепке ала отырып ұсынылды.

Компания 2014 жылдың 1 жартыжылдығында 11 080 мың тонна шикі мұнай өндірді және бұл ТШО Шикі газды тарту зауыты және Екінші буын зауытындағы жабдықтардың төзімділігін арттыру жұмыстарының өткізілуіне байланысты 2013 жылдың балама кезеңінің деңгейіне сәйкес болды.

2014 жылдың 1 жартыжылдығында мұнай тасымалдау көлемі 31 045 мың тоннаны құрады, жүк жөнелтушілер тарапынан ҚТО магистралдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай көлемдерін беруді қысқарту себепті 2013 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда 5% кем болды.

2014 жылдың 1 жартыжылдығында 2013 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда мұнай өңдеу көлемінің 8% -ке, яғни 8 226 мың тоннаға ұлғайғаны байқалады, бұл «Каспий Битум» ЖШС жол битумын өндіретін зауытын пайдалануға енгізумен, сондай-ақ Петромидия (Румыния) МӨЗ жұмысын жөндеуге ұзақ тоқтатуды қысқартумен байланысты болды.

2014 жылдың 1 жартыжылдығында газ тасымалдау көлемі 2013 жылдың 1 жартыжылдығының деңгейімен салыстырғанда 1% азайды және 54 170 млн. м3 құрады, бұл экспорттық бағытта газ тасымалдау көлемдерін қысқартумен байланысты болды.

КАПИТАЛДЫҚ ШЫҒЫНДАР

Компанияның капиталдық шығындары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұруға қаржы салуды және басқадай шығындарды (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) қамтиды.

2014 ж. 1 жартыжыл.
капиталдық шығындар, млн.теңге



2014 жылдың 1 жартыжылдығында ҚМГ капиталдық шығындары 211,9 млрд. теңгені құрады. Компанияның инвестициялық жобаларының негізгі бөлігі (КВЛ жалпы сомасының 55%) ҚР МӨЗ жаңғырту жобаларын, Солтүстік Каспий жобасын, Қытайға экспорттық бағытта мұнай тасымалдаудың өткізу қабілетін ұлғайту жобасын және басқа инвестициялық жобаларды іске асыруға жатады.

Есепті кезеңде 90 млрд. артық теңге пайдалану бұрғылау, өндірістік мақсаттағы объектілерді салу мен жаңғырту бойынша жұмыстарға, магистралдық газ құбырларының, мұнай құбырларының және басқа өндірістік объектілердің жұмысының ағымдағы деңгейін қамтамасыз ету шеңберіндегі жұмыстарға бағытталды.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Бұл бөлім Компанияның аралық шоғырландырылған қаржылық есебіне негізделген және Жиынтық табыс туралы есептің жекелеген баптары бойынша қосымша ашып көрсетулерді қамтиды.

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
Өнім сату мен қызмет көрсетуден түскен табыстар	1 607 886	1 418 091	13%
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(1 110 660)	(990 144)	12%
Жалпы пайда	497 226	427 947	16%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(70 975)	(79 914)	-11%
Тасымалдау мен сату бойынша шығыстар	(185 149)	(146 133)	27%
НҚ және МЕА құнсыздануы, гудвиллді қоспағанда	(24 749)	(57 860)	-57%
НҚ және МЕА иеліктен шығарудан келген шығын, нетто	(3 655)	(1 799)	103%
Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерін сатудан түскен табыс	10 464	15 783	-34%
Басқадай табыстар	(8 358)	(3 685)	127%
Операциялық пайда	214 804	154 337	39%
Теріс айырбастау бағамы, нетто	80 901	(8 627)	-1038%
Қаржылық табыстар	28 451	17 281	65%
Қаржылық шығыстар	(101 821)	(87 235)	17%
Бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялардың құнсыздануы	(1 622)	-	0%
Теріс айырбастау бағамы, нетто	(343)	-	0%
Қатысу үлесі әдісімен есепке алынған ұйымдардағы табыстардағы (шығындардағы) үлес	222 696	245 673	-9%
Тоқтатылған қызметтен түскен табыс (шығын)	(219)	(164)	34%
Салық салынғанға дейінгі табыс (шығын)	442 846	321 265	38%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(107 306)	(79 193)	35%
Азшылық үлесін шегергенге дейінгі таза табыс (шығын)	335 540	242 072	39%
Қорытынды таза табыстағы (шығындағы) бақыланбайтын қатысу үлесі	(72 963)	(11 429)	538%
Таза табыс (шығын)	262 578	230 642	14%

Табыстар

2014 жылдың 1 жартыжылдығында ҚМГ шоғырландырылған табыстарының 93% негізгі қызметтен түскен табыстар есебінен қалыптасты.

2014 жылдың 1 жартыжылдығында 2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда қаржылық табыстар негізінен KZT/USD бағамының өзгерісі есебінен ұлғайды, ал бұл кредиттік мекемелерге ақша қаражатын орналастырудан түскен проценттік табыстарды арттыруға ықпал етті.

Өнім сату мен қызмет көрсетуден түскен табыстар

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс		
Мұнай өнімдерін сату	859 631	718 846	20%	<u>Мұнай өнімдерін сатудан түскен табыстар</u> негізгі қызметтен түскен табыстардың елеулі бөлігін (53%) құрайды және негізінен KMG Int. және ҚМГ-ӨМ көрсеткіштерінің есебінен қалыптасты. Табыстардың өсуі мұнай өнімдерін сатудың орташа бағасының өзгерісінің, оның ішінде KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісі нәтижесінде болды.	
Шикі мұнай сату	363 541	377 052	-4%		
Газ және конденсат сату	121 692	102 432	19%		
Мұнай-химия өнімдерін сату	22 010	12 996	69%		
Мұнай тасымалдау	71 082	67 650	5%		
Газ тасымалдау	57 787	49 739	16%		
Мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу	34 230	13 942	146%		
Мұнай мен мұнай өнімдерін тиеу	7 376	8 524	-13%		
Сервистік қызметтер	52 959	50 819	4%		<u>Шикі мұнай сатудан түскен табыстар</u> негізінен ҚМГ БӨ, ҚМГ Қарашығанақ ресурстарынан KMG Int. мұнай сату және тараптық компаниялардың көлемдерінің
Басқадай	17 578	16 091	9%		
Барлығы	1 607 886	1 418 091	13%		

есебінен қалыптасты. Шикі мұнаймен жүргізілген операциялардан түсетін табыстардың 4% кемюі мұнай өнімдерін сату үшін өңдеуге мұнайдың үлкен бөлігін жіберумен байланысты. KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісімен байланысты бұл кемудің орны ішінара толды.

Газ және газконденсатын сатудан түскен табыстар ҚТГ, ҚМГ БӨ және ҚМГ Қарашығанақ газ сату есебінен қалыптасты. Газ сатудан түскен табыстардың өсуі негізінен газ сату көлемдерінің ұлғаюымен және KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісімен негізделді.

Мұнай химия өнімін сатудан түскен табыстар есепті кезеңде ұлғайды, бұл Петромидия МӨЗ/KMG Int. жөндеуге ұзақ уақыт тоқтатумен, сондай-ақ KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісімен байланысты мұнай химия өнімін үлкен көлеммен сатуға байланысты болды.

Мұнай тасымалдаудан түскен табыстар ҚТО мұнайды құбыр арқылы тасымалдауынан, ҚТТФ теңізбен мұнай тасымалдауынан түскен табыстар есебінен қалыптасты. 2014 жылдың 1 жартыжылдығында 2013 жылдың балама кезеңінің көрсеткіштермен салыстырғанда ТМРА ішкі рынокке және экспортқа мұнай тасымалдауға тарифті ұлғайтуымен, сондай-ақ KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісімен байланысты болды.

Газ тасымалдаудан түскен табыстар ҚТГ құбыр арқылы газ тасымалдау есебінен қалыптасты. Есепті кезеңде табыстардың ұлғаюы ҚТГ ішкі рынокке газ тасымалдауға тарифті өсіруімен, сондай-ақ KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісімен байланысты болды.

Есепті кезеңде 2013 жылдың 1 жартыжылдығының көрсеткіштерімен салыстырғанда мұнай өңдеуден түскен табыстардың ұлғаюы АМӨЗ және ПМХЗ мұнай өндіру есебінен қалыптасты. Бұл табыстардың өсуі негізінен ПМХЗ давалды жұмыс схемасына көшуімен және АМӨЗ мұнай өңдеу көлемдерін арттырумен байланысты болды.

Есепті кезеңде 2013 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда мұнай мен мұнай өнімдерін тиеуден түскен табыстар мұнай тиеу көлемдерін қысқартумен байланысты кеміді.

Сервистік қызметтер көрсетуден түскен табыстар ұңғымаларды бұрғылаудан түскен табыстардан, тас пен суды тасымалдаудан, операторлық және экспедиторлық қызметтен, құбырларға қызмет көрсетуден, жүк тасымалдаудан, авиатасымалдаудан, жолаушылар тасымалдаудан, мұнай-газ саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарынан және телекоммуникациялық қызметтерден түскен табыстардан тұрады. 2014 жылдың 1 жартыжылдығында 2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда табыстардың өсуі негізінен көрсетілген қызметтерге тарифтер мен жұмыс көлемдерінің өсуі нәтижесінде АНС табыстарының ұлғаюымен, ал «ҚМГ-

Транскаспий» ЖШС бойынша Солтүстік Каспий мұнайдың төгілуіне ден қоюдың экологиялық базасын (СКМЭД) операциялық жалға беруден түскен табыстар есебінен болды.

Сатудан түскен басқадай табыстар қызметтің басқадай түрлерінен (әкімшілік ғимараттарды жалға беру, күзет, жалға беру және т.б.) түскен табыстармен байланысты.

Шығыстар

2014 жылдың 1 жартыжылдығында Компанияның шоғырландырылған шығыстарының негізгі үлесі (67%) сатылған өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құнына келеді.

Есепті кезеңге қаржылық шығыстар 101 821 млн. теңгені құрады және 2013 жылдың 1 жартыжылдығындағы деңгеймен салыстырғанда 14 586 млн. теңгеге артық. Өсу негізінен 2013 жылдың сәуірінде тартылған еврооблигациялар бойынша сомасы 3 млрд. АҚШ долларына сыйақылар есептеумен және KZT/USD бағамының өзгерісімен байланысты болды.

Сонымен қатар сыртқы аудиторлардың ұсынымдарына сәйкес ҚМГ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардағы үлесін қаржыландыру бойынша сыйақы бойынша шығыстар КСШ тапқан және қорларды бағалаған сәтке дейін (МСФО(ІАS) 23 сәйкес) ағымдағы шығыстар ретінде танылды.

Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
Материалдар мен қорлар	734 992	685 694	7%
Еңбекақы бойынша шығыстар	124 661	92 818	34%
Тозу, ескіру және амортизация	87 198	72 694	20%
ПҚӨС	48 512	38 737	25%
Электр энергиясы	24 062	21 465	12%
Жөндеу және қызмет көрсету	16 594	14 138	17%
Басқадай салықтар	10 710	14 971	-28%
Басқадай	63 932	49 628	29%
Барлығы	1 110 660	990 144	12%

2014 жылдың 1 жартыжылдығында 2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда өзіндік құнның өзгеруінің негізгі себептері қызметкерлерге сыйақы беру бойынша шығыстардың, шикізат пен материалдар сатып алуға жұмсалған шығыстардың, пайдалы қазбалар өндіруге салынатын салық (ПҚӨС) бойынша шығыстардың, тасымалдау бойынша шығыстардың және амортизация бойынша шығыстардың ұлғаюы болып табылады.

Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша шығыстар есепті кезеңде өндірістік персоналдың еңбекақысын сәйкестендіру, ҚМГ БӨ және АНС Бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесін (БЕТЖ) енгізумен, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2014 жылдың сәуірінен бастап өндірістік персоналдың еңбекақысын 10% ұлғайтумен байланысты болды. Бұдан басқа, жаңа өндірістік объектілер құрумен байланысты өндірістік персонал саны өсті, сондай-ақ шетелдік активтер бойынша шығыстардың өсуіне әкеліп соққан KZT/USD орташа айырбастау бағамының ұлғаюы есебінен болды.

Шикізат пен материалдар сатып алуға жұмсалған шығыстар негізінен мұнай көлемінің және мұнай мен мұнай өнімдерін сатып алу бағасының өсуі, KZT/USD орташа айырбастау бағамының ұлғаюы себепті, сондай-ақ Петрочайна заем газды іріктеу есебінен алдағы шығындарды өтеу бойынша шығыстарға резервті көрсету есебінен артты.

ПҚӨС бойынша шығыстардың ұлғаюы 2014 жылдың 1 жартыжылдығында өндіруді арттыру және KZT/USD орташа айырбастау бағамының ұлғаюы есебінен болды.

Тозу және амортизация бойынша шығыстар негізінен ҚМГ БӨ бойынша қорларды қайта бағалаумен, жаңа объектілер сатып алумен және пайдалануға енгізумен байланысты 20% артты.

Сату бойынша шығыстар

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
Шикі мұнай экспортына салынатын рент салығы	88 638	75 614	17%
Кедендік баж	41 954	23 604	78%
Тасымалдау	26 906	24 575	9%
Еңбекақы бойынша тасымалдау	10 135	7 784	30%
Тозу және амортизация	6 005	5 814	3%
Басқадай	11 511	8 742	32%
Барлығы	185 149	146 133	27%

2014 жылдың 1 жартыжылдығында сату бойынша шығыстар 2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 39 млрд. теңгеге артты. Өзгерістің негізгі себебі 2013 жылдың сәуірінен бастап экспорттық кедендік баж (ЭКБ) ставкасының бір тоннаға 40 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларына және 2014 жылдың сәуірінен бастап 60 АҚШ долларынан 80 АҚШ долларына өсуімен байланысты және KZT/USD бағамының өзгерісімен байланысты ЭКБ бойынша және рент салығы бойынша шығыстардың өсуі болып табылады.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
Еңбекақы бойынша шығыстар	30 352	23 048	32%
Тозу және амортизация	7 924	8 260	-4%
Қайырымдылық және демеушілік	5 366	6 402	-16%
Консультанциялық қызметтер	3 894	3 948	-1%
Сауда-саттық дебиторлық берешек бойынша күмәнді берешектер және басқадай ағымдағы активтер бойынша резервтер	3 158	1 734	82%
Басқадай салықтар	2 869	9 804	-71%
Есептелген айыппұлдар мен өсімпұлдар	2 575	5 150	-50%
Резервтер	-	7 223	-100%
(Сторнирлеу)/жойылмаған және ескірген ТМҚ резерв есептеу	-1 031	1 502	-169%
Басқадай	15 870	12 843	24%
Барлығы	70 975	79 914	-11%

Есепті кезеңде жалпы және әкімшілік шығыстардың кемуі қайырымдылық және демеушілік көмекке шығыстарды қысқартумен байланысты болды. Салық пен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді кеміту негізінен ҚМГ БӨ бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін қосымша төлемдерді қысқартумен байланысты. Салық бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды кеміту негізінен ҚМГ БӨ бойынша 2014 жылдың 1 жартыжылдығында экологиялық мәселелер бойынша төлемдерді кемітумен негізделді. Бұл кему жаңа еншілес ұйымдарды периметрге енгізумен, 2014 жылдың басынан бастап индексациялаумен және 2014 жылдың сәуірінен бастап өндірістік активтердегі қызметкерлердің еңбекақысын 10% өсірумен, сондай-ақ KZT/USD өзгерісімен негізделген ЕТҚ бойынша шығыстарды ұлғайтумен бәсеңдетілді.

Бірлескен бақылаудағы ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялар пайдасындағы үлес

Компанияның бірлескен бақылаудағы ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялардағы (ББҰ/ҚК) қатысу үлесінен алған табыстары төменде көрсетілгендей қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікте көрсетілді:

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
ТШО (20%)	173 856	149 479	16%
ММГ (50%)	44 081	27 021	63%
ПКИ (33%)	17 971	15 037	20%
КГМ (50%)	15 420	20 038	-23%
КРГ (50%)	14 608	10 354	41%
КОА (50%)	4 406	6 073	-27%
АГП (50%)	(24 439)	11 440	-314%
ГБШ (50%)	(14 964)	(449)	3233%
ККТ (50%)	(9 376)	6 091	-254%
Басқадай ББҰ/ҚК	1 133	589	92%
Барлығы	222 696	245 673	-9%

Есепті кезеңде 2013 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда өндіруші секторындағы компаниялардың (ПКИ, КГМ, КОА, ТШО, ММГ) және КРГ табыстарының өсуі негізінен KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісінің нәтижесінде экспорттық пайданың ұлғаюымен байланысты болды. Бұл өсу KZT/USD бағамының өзгерісінің нәтижесінде шетелдік валютадағы заемдарды қайта есептеумен байланысты басқадай компаниялардың (ККТ, АГП, ГБШ) табыстарының қысқаруымен бәсеңдетілді.

Табыс салығы бойынша шығыстар

(млн. теңге)	2014 ж. 1 жарты- жылдығы	2013 ж. 1 жарты- жылдығы	Өзгеріс
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар	87 619	57 959	51%
Шегерілген корпоративтік табыс салығы	(18 686)	(9 760)	91%
Артық пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	8 816	9 178	-4%
Басқадай	29 557	21 816	35%
Барлығы	107 306	79 193	35%

2014 жылдың 1 жартыжылдығында табыс салығы бойынша шығыстардың өсуі өнім сату мен қызмет көрсетуден түскен табыстардың өсуі, бағамдық айырмашылығы бойынша табыстардың ұлғаюымен және 2013 жылға ҚМГ Қарашығанақ салық амортизацияның өсірумен байланысты қосымша табыс салығын есептеумен негізделді.

Бұл өсу экологиялық міндеттемелер және KZT/USD бағамының өзгерісінің нәтижесінде активтерді иеліктен шығару бойынша міндеттемелер, сондай-ақ ҚМГ барлау-бағалау активтері бойынша ҚМГ БӨ шегерілген салық активтерінің өсуі нәтижесінде шегерілген корпоративтік табыс салығы (ШКТС) төмендетілді. Өсуден болған әсер концессия шартына қол қоймаумен байланысты ҚМГ-ӨМ бойынша, сондай-ақ жою қорының активтері бойынша уақыт ауырмашылығының болуымен және осы қорға аударымдармен байланысты ҚМГ Қарашығанақ бойынша салық активін танумен байланысты концессиялық міндеттемелер бойынша ҚТГ ШКТС бойынша міндеттемелерін қысқартумен бәсеңдетілді.

Артық пайдаға салынатын салықтың (АПС) өсуі KZT/USD айырбастау бағамының өзгерісінің нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылық бойынша елеулі табыстармен, сондай-ақ ҚМГ БӨ бойынша өнім сатудан түскен табыстардың өсуі есебінен салық салынатын базаның ұлғаюымен негізделді. АПС өсуінен болған әсер ҚМГ барлау-бағалау активтерінің KZT/USD бағамының өзгерісімен байланысты шегерілген корпоративтік табыс салығының есептелуімен бәсеңдетілді. Сонымен қатар ҚМГ БӨ бойынша жою қорының активтері мен ЕМГ экологиялық провизиялары бойынша, сондай-ақ өндіруді жақсарту бойынша қосымша шығындардың өсуімен байланысты ӨМГ шегерілген АСП есептеуді қайта қараумен байланысты АСП бойынша шегерілген салық активі танылды.

Есепті кезеңде ТШО дивидендтеріне төлем көзінен ұсталатын салықтың кемуі және ТШО табыстарының өсуіне қарамастан дивидендтердің төмендеуі нәтижесінде шегерілген салық міндеттемелерінің ұлғайғаны байқалады.